

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Амангелді Асқар Аманжолұлы

Астана қаласындағы автосалон

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРЕЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.м., оқытушы

_____ Н.К.Қызылбаев

« ___ » _____ 2019ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Астана қаласындағы автосалон»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған:

Амангелді Асқар

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

тех.ғыл.магистрі

тех.ғыл.маг., оқытушы

_____ Р.Р.Султанова

_____ Н.Қ. Қызылбаев

(қолы)

(қолы)

« ___ » _____ 2019ж.

« ___ » _____ 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Т.К.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы
5B072900 – Құрылыс мамандығы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Т.Ғ.М., оқытушы

_____ Н.К.Қызылбаев

« ____ » _____ 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Амангелді Асқар Аманжолұлы

Тақырыбы Астана қаласындағы автосалон

Университет ректорының « 13 » Науырыз 2019 жыл. № 1827-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 05 » мамыр 2019 г.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Астана қаласы, ғимараттың конструкциялық сұлбасы – рамалы - байланысты, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген, ұстындары, арқалықтары аражабын плиталары – темірбетоннан жасалынған

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылу техникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау; 2. Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру, ұсынды есептеу және оның нәтижесі бойынша арматураның диаметрін тандау есебі және оларды құрастыру 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыруы бөлімі: жер жұмыстарының көлемін анықтау; есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз; мұнаралық кранды таңдау; бетонтасушы машиналардың санын анықтау; ғимараттың жер үсті металл конструкцияларды монтаждаудың технологиялық картасын тұрғызу; объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария; күнтізбелік жоспары 4. Құрылыс экономикасы бөлімі: жергілікті және объектілік сметаларды жасау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеттері, қималар, түйіндер, спецификация, жоспарлар - 3 парақ;

2. Ұстын, спецификациялар – 1 парақ;

3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 4 парақ

1. Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы»,
2. ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құрылыстық жылу техникасы»,
3. ҚР ҚЖ 2.03-30-2017 «Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс.

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

| Білім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі | Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері | Ескерту |
|--|--|---------|
| Сәулеттік-құрылыстық бөлім | 20.02-03.03.2019ж. | |
| Есептік-конструктивтік бөлім | 03.03-01.04.2019ж. | |
| Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі | 01.04-14.04.2019ж. | |
| Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 07.04-02.05.2019ж. | |
| Құрылыс экономикасы бөлімі | 16.04-21.04.2019ж. | |

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқтаған жобаға қойған қолтаңбалары

| Бөлімдер атауы | Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы) | Қолтаңба қойылған күні | Қолы |
|--|--|------------------------|------|
| Сәулеттік-құрылыстық бөлім | Кызылбаев Н.К. тех.ғыл.маг., оқытушы | | |
| Есептік-конструктивтік бөлім | Кызылбаев Н.К. тех.ғыл.маг., оқытушы | | |
| Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі | Кызылбаев Н.К. тех.ғыл.маг., оқытушы | | |
| Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | Кызылбаев Н.К. тех.ғыл.маг., оқытушы | | |
| Құрылыс экономикасы бөлімі | Кызылбаев Н.К. тех.ғыл.маг., оқытушы | | |
| Норма бақылаушы | Козюкова Н.В. тех.ғыл.маг., оқытушы | | |

Ғылыми жетекшісі _____ Кызылбаев Н.К.
(қолы)

Студент тапсырманы орындауға қабылданды
_____ Амангелді А.А.
(қолы)

Күні «__» _____ 2019ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың тақырыбы: Астана қаласында орналасқан автосалон ғимараты.

Ғимарат 2 қабаттан тұрады. Диплом жобасында сәулет-құрылыс, есептік-конструктивтік және өндірістік бөлімдер бойынша инженерлік шешімдер қабылданып, экономикалық бөлімі ABC-4 бағдарламалық кешенінде есептелінген. Жобаның толық ТЭЖ-і анықталды.

Сәулеттік – құрылыстық бөлім бойынша ғимараттың көлемдік-жоспарлық және сәулеттік-конструктивтік шешімдері, сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі, ғимаратты инженерлік жабдықтау, антисейсмикалық шаралар орындалды.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы: здание автосалона расположенный в городе Астана.

Здание состоит из 2-х этажей. В дипломном проекте приняты инженерные решения по архитектурно-строительным, расчетно-конструктивным и производственным отделам, экономическая часть рассчитана на программном комплексе ABC-4. Определена полная ТЭУ проекта.

По архитектурно – строительному отделу выполнены объемно – планировочные и архитектурно – конструктивные решения здания, теплотехнические расчеты наружной стены, инженерное оборудование здания, антисейсмические мероприятия.

ABSTRACT

Thesis: the building of the motor show is located in Astana.

The building consists of 2 floors. In the diploma project engineering decisions on architectural and construction, design and production departments were made, the economic part is designed for the software complex ABC-4. The full TEU of the project is defined.

According to the architectural and construction Department, space planning and architectural design solutions of the building, thermal calculations of the outer wall, engineering equipment of the building, antiseismic measures were performed.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

| | |
|---|----|
| 1 Сәулет – құрылыс бөлімі | 7 |
| 1.1 Жалпы мәліметтер | 8 |
| 1.2 Көлемдік – жоспарлық шешімдер | 8 |
| 1.3 Сәулетті конструктивті шешімдер | 9 |
| 1.4 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі | 10 |
| 2 Есептік – конструктивтік бөлім | 13 |
| 2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру | 13 |
| 2.2 Ұстындарды есептеу | 14 |
| 3 Құрылыс өндіріс технологиясы мен ұйымдастыру бөлімі | 18 |
| 3.1 Жер жұмыстарының көлемін анықтаймыз. | 18 |
| 3.2 Монтаждық және бетон жұмастарының көлемін анықтау | 20 |
| 3.3 Жер жұмыстары бойынша құрылыс машиналарын таңдау | 23 |
| 3.4 Ғимараттың бетон жұмыстарының көлемін анықтау | 28 |
| 3.5 Жер үсті бөлігін монтаждауға қажетті машинаны және таңдау | 33 |
| 4 Тіршілік қауыпсіздігі және еңбекті қорғау | 36 |
| 4.1 Еңбек қорғау | 36 |
| 4.2 Ғимаратты салу кезіндегі қоршаған ортаны қорғау шаралары | 36 |
| 5 Сметалық есептеулер | 38 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 39 |
| ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 40 |
| Қосымша | 41 |

КІРІСПЕ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылында орналасқан автосалон ғимараты» нормалар мен антисейсмикалық шаралар мәселелерін қарастыра отырып жобаланды. Жылу техникалық есептеулер бойынша ғимараттың қабырға қалыңдығы анықталды. Жобада ғимараттың ұзындығы үлкен болмағандықтан температуралық тігістер қарастырылмайды. Іргетасқа түсірілетін жүк күшін азайту мақсатында жеңіл газоблок кірпеші қолданылған.

Құрылыс барасында жер асты және жер үсті есептеулері кезінде қажетті машина – механизмдер салыстырылып таңдалған. Құрылыс алаңында құрылыс материалдары, машина жасау, ауыл шаруашылығы, ғылым, қорғаныс және өндірістік емес салалармен тығыз байланыста. Яғни машина жасау саласы құрылыс алаңын өздерінің механизацияның негізгі құралдары - көтергіштер, монтаждық крандар, жер қазатын көліктерімен тағы да басқа механизмдерімен қамтамасыз етіп, құрылыс саласын техникамен жабдықтайды. Құрылыс материалдары өнеркәсібі құрылыс алаңын кірпішпен, бетонмен, ерітіндімен, құрама темірбетон құрылымдарымен, ғимараттар мен үймереттерді тұрғызу үшін қажетті әрлеу және басқа да материалдармен қамтамасыз етеді. Құрылыс саласының басқада өнеркәсіптік салаларымен тығыз байланысты екеніне мына сандар айқын дәлел болады. Құрылыс саласы бүкіл өнеркәсіп өнімдерінің 15,5 пайызын, оның ішінде 59 пайызы кабель бұйымдарын, 89 пайызы құрылыс материалдарын, 50 пайыз орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі материалдарын тұтынады.

Осы саланың дамып, алға жетілуінің арқасында жер бетінде және су астында ғимараттар мен үймереттер көптеп бой көтеруде. Қазіргі таңда тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктерге байланысты көлік механизмдерін тұтынудың артуы авто - көлік ұсынатын ғимараттардың көптеп салынуын артыруда.

Автосалон – ол көлік дүкені немесе көрме бөлімі, қазіргі заманғы авто - көліктердердің, автотехниканың жаңа модельдерінің көрмесі әдетте екі жылда бір рет бір жерде (елді мекенде) өткізіледі. Автосалон орналасқан елді мекеннің атауына байланысты немесе көлік маркасына байланысты өз атауын алады (мысалы: Toyota орталығы, Mazda орталығы). Әсіресе автосалонға қаржы жағынан жағдайы жақсы немесе несие бағдарламалары арқылы көлікті алатын адамдар барады.

1 Сәулет – құрылыс бөлімі

1.1 Жалпы мәліметтер

Астана қаласында жобаланған 2 қабатты «автосалон» дипломдық жобасы. Автосалон құрылысы ауданы ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2010 бойынша II климаттық ауданға, район асты В сәйкес келеді. [1]

а) Сыртқы ауа температурасы :

- ең суық бес күндігі – 23 °С;
- ең суық тәуліктігі – 30 °С;
- ең суық тәуліктігі + 29,7 °С;

б) Жел бағыты және жылдамдығы:

Кесте 1.1 – Қаңтар жел бағыты және жылдамдығы

| | С | СШ | Ш | ОШ | О | ЮБ | Б | СБ |
|------------------------|-----|----|-----|-----|-----|-----|---|-----|
| Қайталанатын жылдамдық | 9 | 12 | 7 | 45 | 16 | 20 | 7 | 9 |
| | 3,9 | 3 | 2,4 | 3,3 | 1,3 | 4,3 | 4 | 4,1 |

Кесте 1.2 – Шілде жел бағыты және жылдамдығы

| | С | СВ | В | ЮВ | Ю | ЮЗ | З | СЗ |
|------------------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|
| Қайталанатын жылдамдық | 4 | 11 | 6 | 25 | 17 | 8 | 4 | 4 |
| | 3,3 | 3,1 | 2,3 | 2,4 | 1,6 | 2,9 | 3,1 | 3,5 |

в) Жүктеменің әсері сәйкесінше ҚНЖЕ 2.01.07-85 бойынша:

- қар жүгінің нормативті мәні – 70 кгс/м² (0.7 кПа);
- жер екпінінің нормативті мәні – 38 кгс/м² (0.38 кПа); [2]

г) Топырақтың қату тереңдігі ҚНЖЕ 23.01-99* ҚН 131.13330.2012 (2013 жылы қолданысқа енген) бойынша - 0,92 м;

д) Құрылыс алаңының сейсмикалық әсері ҚНЖЕ 2.03-30-2006 бойынша - 9 балл ; [3]

в) Өртке қарсылық дәрежесі - II

1.2 Көлемдік – жоспарлық шешімдер

Автокөлік сатуға арналған автосалон 3 қабатты бір секциалық ғимарат. Бірінші қабаттың биіктігі – 5,5 м, екінші қабаттың биіктігі – 3,4 м, ал жертөленің биіктігі бар болғаны 4,4 м. Бойлық бағыттағы жертөле қабатындағы ұстындарының қадамы – 8,4 м. Сонымен қатар «А» және «В» осі бойынша бойлық бағытта орналасқан бірінші қабаттың ұстындарының қадамы – 4,2 м, «Б» осі бойынша – 8,4 м, ал көлденең бағыттағы ұстындар 6 және 9 м арақашықтығында орналасқан.

Алдыңғы уақытта жоспарланып отырған автосалонда сатылатын көліктерді жертөле автотұрағына уақытша сақтап қою үшін автокөліктердің есептік өлшемдері 4,9x1,9 м (В сыныбы) деп қарастырылған. Бұл көліктер орташа габаритті өлшемдерге сай есептік түрде қабылданған. Ұстындардың есептік қабылданған арақашықтығы жертөле автотұрағында және де екінші қабаттағы көрме залында көліктердің еркін орналасуы мен ынғайлы маневр жасауына ынғайланып салынған.

Жертөле қабаты автокөлік тұрағы ретінде қаралады. Яғни бұл қабатта сатылымға дайындалып қойған көліктерді қоюға және де ғимаратты күтуге арналған инженерлік қажетті бөлмелер орналасқан.

Бірінші қабат – көрме залы. Бұл қабатта сатылымдағы көліктер қойылады.

Екінші қабат – офистік бөлім. Ғимараттың бұл қабатында жұмысшылардың бөлмелері мен қажеттіліктері орналасқан.

Автосалон ғимаратының қаланың ішінде орналасқандығынан оның қолайлығы мен қол жетімділігін арттырады. Ғимаратты жоспарлау барысында атмосфералық жауын-шашынның нормативті бұрылуын, желдің бағытын ескере отырып қарама қарсы ғимараттармен байланыстыра жобаланған.

Ғимараттың айналасы кең, әрі жұмысшылар мен қонақтардың мұқтаждығын ескере отырып орындықтар, урналар, асфальтты – бетонды тротуарлар мен көкжайлар жоспарланған. Автосалонның орталық кіру есігі Қабанбай батыр даңғылының бойында орналасқан. Сондай ақ ғимараттың шетінде көлікке арналған есікте орналасқан.

Ғимараттың сәулеттік жоспары мен қасбеттері қазіргі заманға сай, Астана қаласының жаңа тенденциясына сай жоспарланған.

1.3 Сәулетті конструктивті шешімдер

Автосалон II - ші өртке қарсылық дәрежесіне ие.

Автокөлік салоны конструктивті шешімі бойынша толығымен торлы қаңқадан тұрады, әйткенде де сыртқы, ішкі қабырғалары өзін көтеретін газоблокты кірпіштермен қаланған. Алайда ғимаратта температуралық тігістері жоқ, себебі ғимараттың ұзындығы жылытылатын ғимараттың температуралық блогының ең үлкен ұзындығынан аз болып шыққан. Қаңқалы конструктивті шешім ғимараттың берік әрі сыртқы күштерге төзімді болуына толықтау мүмкіншілік береді.

Жертөле қабатының конструктивтік ерекшеліктері:

- Ғимараттың іргетасы В20 классына сай келетін бетоннан құйылған тұтас құймалы ленталы деп қарастырылған. Жертөле еденінен алғанда іргетастың орналасу тереңдігі 0,8 м - ді құрайды (отм. – 5300).

- Жертөленің сыртқы оқшаулағыш қабырғасы АIII арматура классты 600 мм қалыңдықтағы тұтас құймалы темір бетон.

- Жертөленің орта ұстындары 400x400 мм өлшеміндегі тұтас құймалы темір бетонды конструкция. Арқалықтардың өлшемі стандартқа сай 500x350 мм ретінде қабылданған.

- В20 классында құйылған тұтас құймалы темір бетонды аражабынның қалыңдығы 200 мм - ді құрайды. Б – В осьтерінде аражабынның есептік жүк көтергіштік беріктігі 900 кгс/м², ал басқа осьтерінде аражабынның жүк көтергіштік қабылеті 1400 кгс/м² құрайды.

Ғимараттың негізгі салмақ көтеретін конструкциялары ол 400x400 мм арқалықпен бекітілген ұстындар.

Автосалонның сыртқы қабырғасы 400 мм газоблокты кірпішпен базальтті минералды ватамен қапталған желдетілетін қасбет ретінде жоспарланған.

Бөлімдердің арасы 150 мм газоблокты кірпішпен бөлінген.

Шатырдың жүйесі гидроизоляцияланған су бұру құбырлары бар жүйеде жоспарланған.

Терезе – қос қабатты әйнектелген алюминилы витражды.

Есік – арнайы ұсыныс бойынша жасалған металлопластикті.

Ішкі әрленуі – обой мен жабыстырылған, тегіс сыланған, арнайы түспен боялған. Бірінші қабаттағы көрме залында аспалы төбелер жасалынған АРМСТРОНК.

Едіндер линолиуммен, керамикалық плиткалармен, керамикалық гранитпен қапталған. Тозғыштық дәрежесі – 3.

1.4 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі

0.000 белгіден жоғары орналасқан оқшаулағыш конструкциялардың құрамы: ГОСТ 31360 – 2007 бойынша сәйкес келетін газобетонды кірпіш, "ТЕХНИКОЛЬ" базальт талшығынан жасалған минералды плитасы, желден қорғайтын пленка, аспалы желдетілетін қасбеттер.

t_{ext} - сыртқы ауаның есептік температурасын ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2010 сәйкес 0,92 шарты қамтамасыз етілген ең суық бес күндік орташа температураны қабылдау қажет, яғни Астана қаласы үшін ол - $t = - 28$. [1]

Ғимараттың ішіндегі ауа параметрлерін - t_{int} температурасын және φ_{int} - ауаның салыстырмалы ылғалдылығын ҚР ҚНЖЕ 2.04-21-2004 сәйкес анықтаймыз. [4]

$$t_{int} = 21^{\circ}\text{C} ; \varphi_{int} = 55\%$$

Жылдың суық мезгілінде ғимараттар мен үймереттердің ылғалдық режимі – қалыпты болуын, ішкі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы мен температурасына байланысты және ҚР ҚНЖЕ 2.04-21-2004 бойынша анықтаймыз. [4]

Кесте 1.3 – Ғимарат үй-жайларының ылғалдық режимі

| Режим | Ішкі ауаның ылғалдылығы, %, температура бойынша, °С | | |
|---------|---|--------------------|-----------|
| | 12 дейін | 12 жоғары 24 дейін | 24 жоғары |
| Құрғақ | дейін 60 | дейін 50 | дейін 40 |
| Қалыпты | » 60 » 75 | » 50 » 60 | » 40 » 50 |
| Ылғалды | жоғары 75 | » 60 » 75 | » 50 » 60 |
| Сулы | - | жоғары 75 | жоғары 60 |

Қоршау конструкциялары элементтерінің жылу беру кедергісі

Оқшаулағыш конструкцияның келтірілген жылу беру кедергісін R_0 , $m^2 \cdot ^\circ C / Вт$, нормаланатын мәндерден R_{red} , $m^2 \cdot ^\circ C / Вт$ кем емесқып ҚР ҚНЖЕ 2.04-21-2004 бойынша құрылыс ауданының градус - тәулік D_d , $^\circ C \cdot тәу$ мәніне байланысты аламыз. [4]

$$D_d = (t_{int} - t_{ht}) z_{ht} \quad (1.1)$$

мұндағы: t_{int} - ғимараттың ішкі ауасының орташа есептік температурасы, ол $21^\circ C$ - қа тең. t_{ht} - жылыту периодындағы сыртқы ауаның орташа температурасы, z_{ht} - жылыту периодының ұзақтығын ҚР ҚНЖЕ 2.04-21-2004 бойынша қабылдаймыз. [4]


$$t_{ht} = -1.8^\circ C, \quad z_{ht} = 167 \text{ тәулік}$$

Сәйкесінше,

$$D_d = (21 - (-1,8)) 167 = 3807,6 \text{ } ^\circ C \cdot тәу.$$

Ал R_{red} мәнін ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, 4 кестеден қабырғаның мәнін интерполяция әдісімен қабылдаймыз. Яғни оның мәні $R_{red} = 2.64$, $m^2 \cdot ^\circ C / Вт$ тең болды.

Сыртқы қабырғалардың жылутехникалық есебі. Ғимараттың құрылымы – Тұтас құймалы темір бетонды қаңқаның сыртқы қабырғасы ГОСТ 21520 – 89 бойынша сәйкес келетін газобетонды кірпішпен толтырылған. Темір бетонды және керамикалық қуыс кірпішті қабырға базальт талшығынан жасалған минералды жылытқышпен ("ТЕХНИКОЛЬ") қапталған. Демек алдағы есепте осы жылытқыштың екі түрлі қабырғадағы қалыңдығын анықтауымыз қажет. Сонымен қатар біздің ғимараттың қасбеті желдетілетіндігін естен шығармағанымыз жөн.



Сурет 1.1 – Сыртқы қабырғаның сұлбасы: 1 – цементті-күмды ерітінді, 20 мм; 2 – темір бетонды ұстын, 400x400 мм; 3 – газобетонды кірпіш (ГОСТ 31360 – 2007 бойынша), 400 мм; 4 – базальт талшығынан жасалған минералды жылытқыш «ТЕХНОНИКОЛЬ»; 5 – ауа қабаты; 6 – желдетілетін қасбет.

$$R = \frac{\delta}{\lambda} \quad (1.2)$$

Бұл формуладағы λ – материал қабатының есептік жылу беру коэффициенті, Вт / (м·°С). [5]

- λ (темір бетон) – 2,04 Вт/(м·°С)
- λ (кірпіш) – 0,64 Вт/(м·°С)
- λ (жылытқыш) – 0,042 Вт/(м·°С)
- λ (цементті - күмды ерітінді) – 0,81 Вт/(м·°С)

Газобетонды кірпіштің қабырғасын анықтау:

$$R = 0,02 / 0,81 + 0,4 / 0,64 + 0,15 / 0,042 = 4,22$$

Темір бетонды ұстынды және арқалықты анықтау:

$$R = 0,02 / 0,81 + 0,4 / 2,04 + 0,15 / 0,042 = 3,79$$

Базальт талшығынан жасалған минералды жылытқыштың қалыңдығын 150 мм - ге тең қылып аламыз.

2 Есептік – конструктивтік бөлім

2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру

Ұстындардың сенімділік коэффициентін ескере отырып, есептік меншікті салмағы $\gamma_n=0,95$ мәніне тең. [6]

Жертөле ұстындарының өзіндік салмағы:

$$g_c^{\text{жерт.}} = 0,95 \cdot 0,4^2 \cdot (2 + 0,7) \cdot 25 \cdot 1,1 = 12,47 \text{ кН}$$

Жоғарғы қабат ұстындарының өзіндік салмағы:

$$g_c = 0,95 \cdot 0,4^2 \cdot 2 \cdot 25 \cdot 1,1 = 8,36 \text{ кН}$$

Кесте 2.1 – Жабынға түсетін жүктемені жинақтау

| Жүктеме түрлері | Нормативті жүктеме кН/м ² | Жүктеме бойынша сенімділік коэффициенті γ_f | Есептік жүктеме кН/м ² |
|---|--------------------------------------|--|-----------------------------------|
| Тұрақты | | | |
| Қиғаш керамзит, $\delta=200$ мм | 4.75 | 1.1 | 5.225 |
| Арқалықтың өзіндік салмағы | 4.17 | 1.1 | 4.587 |
| Гидроизоляциялық кілем (3 қабатты) | 0.150 | 1.3 | 0.195 |
| Арматураланған цементті - құмды тартпа, $\delta=40$ мм, $\rho=22$ кН/м ³ | 0.880 | 1.3 | 1.144 |
| Минералды жылытқыш плитасы, $\delta=150$ мм, $\rho=1.5$ кН/м ³ | 0.225 | 1.2 | 0.270 |
| Барлық толық жүктемелер саны, g_{roof} | 10.18 | | 11.42 |
| Уақытша | | | |
| Қардың жүктемесі: $S=S_0 \cdot \mu$ | 2.4·0.7=1.68 | - | 2.4 |
| Сонымен қатар ұзақ уақытты қардың жүктемесі S_{sh} | 0.84 | - | 1.2 |
| Толық жүктемелер, $g_{\text{roof}}+S$ | 11.86 | | 13.82 |

Кесте 2.2 – Аражабынға түсетін жүктемені жинақтау

| Жүктеме түрлері | Нормативті жүктеме кН/м ² | Жүктеме бойынша сенімділік коэффициенті γ_f | Есептік жүктеме кН/м ² |
|---|--------------------------------------|--|-----------------------------------|
| Тұрақты | | | |
| Арқалықтың өзіндік салмағы | 4.17 | 1.1 | 4.587 |
| Қырлы плитаның өзіндік салмағы, $\delta=200$ мм | 4.75 | 1.1 | 5.225 |
| Мастика | 0.02 | 1.2 | 0.0024 |

Кесте 2.2 жалғасы

| | | | |
|--|-------|-----|-------|
| Цементті - құмды тартпа, $\delta=40$ мм, $\rho=22$ кН/м ³ | 0.880 | 1.3 | 1.144 |
| Жылытқыш, $\delta=100$ мм, $\rho=6$ кН/м ³ | 0.600 | 1.3 | 0.780 |
| Керамикалық плита, $\delta=13$ мм | 0.240 | 1.1 | 0.264 |
| Барлық толық жүктемелер саны, g_{roof} | 10.66 | | 12.00 |
| Уақытша | | | |
| Ұзақ уақыт | 0.7 | - | 0.91 |
| Қысқа уақыт | 2 | - | 2.6 |
| Толық жүктемелер, $g_{\text{roof+S}}$ | 12.66 | | 14.60 |

2.2 Ұстындарды есептеу.

Ұстын торындағы ортаңғы ұстынның жүктеме ауданы:

$$7,5 \times 4,2 = 31,5 \text{ м}^2$$

Шоғырланған күштер түрінде колоннаға берілетін жүктемелер:

Жабынан түсетін жүктемелер:

- ұзақ уақытты:

$$N_1^{\text{жаб.}} = g_1^{\text{жаб.}} \cdot F_{\text{гр}} \cdot \gamma_n = (11,42 + 1,2) \cdot 31,5 \cdot 0,95 = 377,65 \text{ кН}$$

- қысқа уақытты:

$$N_{\text{sh}}^{\text{жаб.}} = P_1^{\text{жаб.}} \cdot F_{\text{гр}} \cdot \gamma_n = 2,4 \cdot 31,5 \cdot 0,95 = 71,82 \text{ кН}$$

Аражабынан түсетін жүктемелер:

- ұзақ уақытты:

$$N_1^{\text{араж.}} = (g_1^{\text{араж.}} + P_1^{\text{араж.}}) \cdot F_{\text{гр}} \cdot \gamma_n = (12,00 + 0,91) \cdot 31,5 \cdot 0,95 = 386,33 \text{ кН}$$

- қысқа уақытты:

$$N_{\text{sh}}^{\text{араж.}} = P_{\text{sh}}^{\text{жаб.}} \cdot F_{\text{гр}} \cdot \gamma_n = 2,6 \cdot 31,5 \cdot 0,95 = 77,805$$

Қабат деңгейлерінде ұстындардағы бойлық қысқыш күштерді есептейміз:

2 - ші қабат ұстындарының бойлық қысқыш күштерін есептеу:

$$N_1^{2\text{қаб.}} = N_1^{\text{жаб.}} + g_c \quad (2.1)$$

$$N_1^{2\text{қаб.}} = 377,65 + 8,36 = 386,01 \text{ кН};$$

$$N_{\text{sh}}^{2\text{қаб.}} = N_{\text{sh}}^{\text{жаб.}} = 71,82 \text{ кН};$$

$$N^{2\text{қаб.}} = N_1^{\text{жаб.}} + N_{\text{sh}}^{\text{жаб.}} = 386,01 + 71,82 = 457,83 \text{ кН}$$

1 - ші қабат ұстындарының бойлық қысқыш күштерін есептеу:

$$N_1^{1\text{қаб.}} = N_1^{\text{жаб.}} + N_1^{\text{араж.}} + 2 \cdot g_c \quad (2.2)$$

$$N_I^{1\text{қаб.}} = 377,65 + 386,33 + 2 \cdot 8,36 = 780,70 \text{ кН};$$

$$N_{sh}^{1\text{қаб.}} = N_{sh}^{\text{жаб.}} + N_{sh}^{\text{араж.}} = 71,82 + 77,805 = 149,63 \text{ кН};$$

$$N_I^{1\text{қаб.}} = N_I^{1\text{қаб.}} + N_{sh}^{1\text{қаб.}} = 780,70 + 149,63 = 930,33 \text{ кН}$$

Жертөле ұстындарының бойлық күштерді есептеу:

$$N_I^{\text{жер.}} = N_I^{\text{жаб.}} + 2 \cdot N_I^{\text{араж.}} + 3 \cdot g_c + g_c^{\text{жер.}} \quad (2.3)$$

$$N_I^{\text{жер.}} = 377,65 + 2 \cdot 386,33 + 3 \cdot 8,36 + 12,47 = 1574,19 \text{ кН};$$

$$N_{sh}^{\text{жер.}} = N_{sh}^{\text{жаб.}} + 2 \cdot N_{sh}^{\text{араж.}} = 71,82 + 2 \cdot 77,805 = 156,43 \text{ кН};$$

$$N_I^{\text{жер.}} = N_I^{\text{жер.}} + N_{sh}^{\text{жер.}} = 1574,19 + 156,43 = 1730,62 \text{ кН}$$

Жертөленің ұстындары іргетасқа қатты қатты бекітілген және аражабынның деңгейінде топсалы-қозғалыссыз қосылған деп алып есептейміз.

Жертөле ұстындарының есептік ұзындығы:

$$l_1 = 0,7(h+0,15) = 0,7 \cdot 4,35 = 3,045 \text{ м}$$

Жоғарғы қабат ұстындарының есептік ұзындығы:

$$l_1 = h_{\text{қаб}} = 5,50 \text{ м}$$

Жертөле ұстындарына В20 классындағы бетон түрін тағайындаймыз:

$$R_b = 11,5 \text{ Мпа}$$

Ал басқа қабаттарға, яғни 1-ші және 2-ші қабаттардың ұстындарына В20 классындағы бетон түрін тағайындаймыз ($R_b = 11,5 \text{ Мпа}$). Ал арматура классы А-III таңдалды.

Жертөле ұстындары. φ_b мен φ_r коэффициенттерінің мәндерін $\frac{l_1}{b_c}$ және $\frac{N_I^{\text{жер.}}}{N_{sh}^{\text{жер.}}}$ қатынастарынан шыққан мәндері арқылы кесте бойынша таңдап аламыз. [7]

$$\frac{l_1}{b_c} = \frac{3,045}{0,550} = 5,54;$$

$$\frac{N_I^{\text{жер.}}}{N_{sh}^{\text{жер.}}} = \frac{1574,19}{156,43} = 10,06$$

$\frac{l_1}{b_c}$ және $\frac{N_I^{\text{жер.}}}{N_{sh}^{\text{жер.}}}$ қатынастарынан шыққан мәндер арқылы кесте бойынша мынандай сандарға ие боламыз: $\varphi_b = 0,923$, $\varphi_r = 0,926$. [6]

Сонымен қоса арматуралау коэффициентін $\mu = 0,015$ тең деп қарастырамыз.

φ коэффициентін мына формула арқылы анықтаймыз:

$$\varphi = \varphi_b + 2(\varphi_r - \varphi_b) \frac{R_s \cdot \mu}{\gamma_{b2} \cdot R_b} \quad (2.4)$$

$$\varphi = 0,923 + 2(0,926 - 0,923) \frac{355 \cdot 0,015}{(0,9 \cdot 11,5)} = 0,926$$

Бойлық арматураларға талап етілген ауданын өлшемін анықтаймыз:

$$A_s = \frac{\frac{N}{\varphi} - \gamma_{b2} \cdot R_b \cdot b_c \cdot b_c}{R_s} = \frac{\frac{1879430}{0,926} - 0,9 \cdot 1150 \cdot 40 \cdot 40}{35500} = 12,5 \text{ см}^2$$

Сортамент бойынша арматураның диаметрін таңдаймыз 4ø25 А-III

$$A_s^{\text{нақт.}} = 19,63 \text{ см}^2$$

Сонымен қатар арматуралаудың коэффициенті:

$$\mu = \frac{19,63}{1600} = 0,012$$

$\mu = 0,012$ мәніндегі қиманы таңдау қанағаттанарлық деп санаймыз себебі шарт бойынша $\mu = 0,01 - 0,02$ болуы қажет.

1 - ші қабаттың ұстындары.

φ_b мен φ_r коэффициенттерінің мәндерін $\frac{l_1}{b_c}$ және $\frac{N_1^{\text{жер.}}}{N^{\text{жер.}}}$ қатынастарынан шыққан мәндері арқылы кесте бойынша таңдап аламыз:

$$\frac{l_1}{b_c} = \frac{5,50}{0,550} = 10$$

$$\frac{N_1^{\text{1қаб.}}}{N^{\text{1қаб.}}} = \frac{780,7}{1003,33} = 0,8$$

$\frac{l_1}{b_c}$ және $\frac{N_1^{\text{жер.}}}{N^{\text{жер.}}}$ қатынастарынан шыққан мәндер арқылы кесте бойынша

мынандай сандарға ие боламыз: $\varphi_b = 0,894$, $\varphi_r = 0,905$.

Сонымен қоса арматуралау коэффициентін $\mu = 0,015$ тең деп қарастырамыз.

φ коэффициентін мына формула арқылы анықтаймыз:

$$\varphi = \varphi_b + 2(\varphi_r - \varphi_b) \frac{R_s \cdot \mu}{\gamma_{b2} \cdot R_b} \quad (2.5)$$

$$\varphi = 0,894 + 2(0,905 - 0,894) \frac{355 \cdot 0,015}{0,9 \cdot 11,5} = 0,903$$

Бойлық арматураларға талап етілген ауданын өлшемін анықтаймыз:

$$A_s = \frac{\frac{N}{\varphi} - \gamma_{b2} \cdot R_b \cdot b_c \cdot b_c}{R_s} = \frac{\frac{1003330}{0,903} - 0,9 \cdot 1150 \cdot 40 \cdot 40}{35500} = 8,537 \text{ см}^2$$

Сортамент бойынша арматураның диаметрін таңдаймыз 4ø22 А-III

$$A_s^{\text{нақт.}} = 15,2 \text{ см}^2$$

Сонымен қатар арматуралаудың коэффициенті:

$$\mu = \frac{15,2}{1600} = 0,01$$

$\mu = 0,01$ мәніндегі қиманы таңдау қанағаттанарлық деп санаймыз себебі шарт бойынша $\mu = 0,01 - 0,02$ болуы қажет.

Екінші қабаттың ұстындарын арматуралауды есептік жолмен аламыз оған да диаметрі 4Ø22 А-II арматурасы оның нақты мәніне $A_s^{\text{нақт.}} = 15,2 \text{ см}^2$ тең.

Көлденең арматураның диаметрлері бойлық арматуралардың диаметрлеріне байланысты оның дәнекерлеу шарттары бойынша қабылданады.

Барлық қабаттардың ұстындарына көлденең арматураны диаметрі Ø8 А-I және де көлденең арматураның қадамын шартқа сәйкес $S = 300 \text{ мм}$ деп қабылдаймыз (шарт бойынша $S \leq 500 \text{ мм}; S \leq 20d$). [7]

3 Құрылыс өндіріс технологиясы мен ұйымдастыру бөлімі

3.1 Жер жұмыстарының көлемін анықтаймыз.

Жер жұмыстарының құрамына ғимараттар мен үймереттердің жер асты бөлігінен нольдік деңгейіне дейінгі жұмыстарды қарастырады. Ол жұмыстардың қатарына өсімдік қабатын кесу, қазаншұңқырдың көлемін анықтау, эксковаторлы техникалардық жүрісін, жұмыс көлемін анықтау, қазаншұңқырдың төменгі бөлігін тегістеу және топырақты нығыздау тағы да көпеген жұмыстарды қарастырады. [10]

Қазаншұңқыр көлімін анықтау үшін мына формула бойынша шығару қажет:

$$V_{\kappa} = H_{\kappa} / 6[(A + C)(B + D) + AB + CD]; \text{ м}^3, \quad (3.1)$$

A – қазаншұңқыр табаны бойынша ені:

$$A = b + 2; (\text{м}), \quad (3.2)$$

$$A = 15 + 2 = 17 \text{ м},$$

B – қазаншұңқырдың табаны бойынша ұзындығы:

$$B = a + 2; (\text{м}), \quad (3.3)$$

$$B = 54,6 + 2 = 56,6 \text{ м},$$

C – қазаншұңқыр үсті бойынша ені:

$$C = A + 2Hm; (\text{м}), \quad (3.4)$$

H – қазаншұңқыр тереңдігі;

m- топырақ еңістік коэффициенті, $m = 0,75$;

$$C = 17 + 2 \times 5,3 \times 0,75 = 25 \text{ м}, [9]$$

D – қазаншұңқыр төбесі бойынша ұзындығы:

$$D = B + 2Hm; (\text{м}), \quad (3.5)$$

$$D = 56,6 + 2 \cdot 5,3 \cdot 0,75 = 65,97 \text{ м},$$

$$V_{\kappa} = H_{\kappa} / 6[(A + C)(B + D) + AB + CD], \quad (3.6)$$

$$V_{\kappa} = 5,58/6 [(17 + 25)(56,6 + 65,97) + 17 \cdot 56,6 + 25,37 \cdot 65,97] \\ = 7281,1 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқыр табанының тегістелетін топырақтың көлемін анықтау төмендегі формуламен есетеледі:

$$V_{\kappa, \tau} = F_{\kappa} \cdot \Delta n ; (\text{м}^3) \quad (3.7)$$

мұндағы: F_{κ} - қазаншұңқыр табаны бойынша ені;

Δn – тегістейтін топырақ қалыңдығы, $\Delta n = 0,2$ м; [8]

$$F_{\kappa} = A \cdot B = 17 \cdot 56,6 = 962,2 \text{ м}^2$$

$$V_{\kappa, \tau} = F_{\kappa} \cdot \Delta n = 962,2 \cdot 0,2 = 192,44 \text{ м}^3$$

Топырақтарды қазаншұңқырға қайта көмудегі көлемі мына формуламен есептеледі:

$$V_{\kappa, \kappa} = V_{\kappa} - V_{\text{жер}} / 1 + V_{\kappa, \tau} ; (\text{м}^3) \quad (3.8)$$

$$V_{\text{жер}} = 56,6 \cdot 2 \cdot 7,5 \cdot 5,58 = 4737,42 \text{ м}^3$$

$$V_{\kappa, \tau} = 6\% = 0,06$$

$$V_{\text{жер}} = a \cdot 2 \cdot b \cdot H_{\kappa} ; (\text{м}^3) \quad (3.9)$$

$$V_{\kappa, \kappa} = 7281,1 - 4737,42 / 1 + 0,06 = 2543,7 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқырдағы топырақты нығыздау ауданы төмендегі формуламен есептеледі:

$$S_{\text{тығ}} = V_{\kappa, \kappa} / 0,2 ; (\text{м}^2) \quad (3.10)$$

$$S_{\text{тығ}} = 2543,7 / 0,2 = 12718,5 \text{ м}^2$$

Үйіндіге жинау үшін әкелінетін топырақ көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{үйінді}} = V_{\kappa, \kappa} ; (\text{м}^3) \quad (3.11)$$

$$V_{\text{үйінді}} = 2543,7 \text{ м}^3$$

Автосамосвалды жүк тасығыш көліктерге аударылатын топырақтың көлемі мына формула бойынша анықталынады:

$$V_{\text{авт}} = V_{\kappa} - V_{\kappa, \kappa} ; (\text{м}^3) \quad (3.12)$$

$$V_{\text{авт}} = 7281,1 - 2543,7 = 4737,4 \text{ м}^3$$

Тегістелінетін топырақ қабатының көлемін анықтап білге мына формула көмек болды:

$$V_{\text{тегіс}} = h_0 \cdot b_0 \cdot P_{\text{ғим}} ; (\text{м}^3) \quad (3.13)$$

мұндағы: h_0 – тегістейтін топырақ қалыңдығы;

$$h_0 = 0,1 \text{ м (10 см);}$$

b_0 – тегістейтін топырақ ені;

$$b_0 = b + 2 \cdot 0,2 = 1,5 + 2 \cdot 0,2 = 1,9 \text{ м}$$

$$P_{\text{ғим}} = 2a + 4b, \text{ м} \quad (3.14)$$

$$P_{\text{ғим}} = 2 \cdot 56,6 + 4 \cdot 7,5 = 143,2 \text{ м}$$

$$V_{\text{тегіс}} = h_0 \cdot b_0 \cdot P_{\text{ғим}} = 0,1 \cdot 1,9 \cdot 143,2 = 27,2 \text{ м}^3$$

3.2 Монтаждық және бетон жұмыстарының көлемін анықтау.

Бетон жұмысының көлемін анықтау жұмыстары. Іргетас лентасының бетон қоспасын төсеу:

$$V = L \cdot b \cdot h \quad (3.15)$$

$$V = 56,5 \cdot 16,8 \cdot 0,6 = 569 \text{ м}^3$$

Қалып жұмыстарының ауданын анықтау жолдары.

Үлкен қалқанды қалыптардың ауданын анықтау:

$$S = L \cdot h - S_{\text{тер.}} - S_{\text{қа.}} \quad (3.16)$$

Жертөле қабарғасы:

$$S_{\text{қа.1}} = 2 \cdot 2,7 \cdot 2,7 = 10,8 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{қа.2}} = 1 \cdot 2,4 \cdot 2,7 = 6,48 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{тер.}} = 10 \cdot 1,2 \cdot 1,6 = 19,2 \text{ м}^2$$

$$S = (126 + 458,64) - 19,2 - 17,28 = 548,16 \text{ м}^2$$

Аражабынның ауданы:

$$S = L \cdot B \quad (3.17)$$

$$S = 15,2 \cdot 55,6 = 861,12 \text{ м}^2$$

Ұсақ қалқанды қалыптың ауданы:

Терезе ойықтары үшін:

$$S_{\text{тер.}} = 10(2 \cdot (1,2 \cdot 0,6 + 1,6 \cdot 0,6)) = 33,6 \text{ м}$$

Есік ойықтары үшін:

$$S_{\text{есік}}=9,72+4,68=14,4 \text{ м}^2$$

Ұстындар үшін:

$$S_{\text{ұст}}=6(4,2 \cdot 0,4+4,2 \cdot 0,4)=53,76 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{тол}}=33,6+14,4+53,76=101,76 \text{ м}^2$$

Тіреуіштердің санын анықтау:

Құрылыс нормалар мен ережелерге сәйкес әрбір 4 м² сайын 1 тіреуіш орнатылуы қажет. Тіреулердің санын анықтап білу үшін ғимараттың ұзындығы мен енін көбейтіп ауданын анықтау керек. Шыққан мәнді 4-ке бөліп тіреулердің саны анықталады. Бірақ ЕНиР-ге сәйкес тіреулер 100 м арақашықтығында есептеледі. Ол үшін ұстынның санын қабаттың биіктігіне көбейтіп, 100-ге бөлеміз. [14]

$$S = L \cdot B \quad (3.18)$$

$$S=55,2 \cdot 15,6=861,12 \text{ м}^2$$

$$n = \frac{S}{4} = \frac{861,12}{4} = 215 \text{ дана}$$

Қалып арқалығының құрылғысы бойлық бағытта әрбір 3 метр сайын, ал көлденең бағытта әрбір 1 метр сайын орнатылады. Қалып арқалығының ұзындығы 3 м.

Бойлық бағытта:

$$n=55,2/3=18 \text{ дана}$$

$$n_{\text{тол}}=18 \cdot 11=198 \text{ дана}$$

$$L=198 \cdot 3=594 \text{ м}$$

Көлденең бағытта:

$$n=15,6/1=15,6 \text{ дана}$$

$$n_{\text{(тол.)}}=16 \cdot 10=160 \text{ дана}$$

$$L=160 \cdot 3=480 \text{ м}$$

Аражабын мен жабынның арматура қаңқасының торларын орнату. 1 арматура торының ауданы 6 м². Жабындар жоғарыдан және төменнен тормен арматураланады.

$$S = L \cdot B \quad (3.19)$$

$$S=15,2 \cdot 55,6=861,12 \text{ м}^2,$$

$$n=(861,12/6) \cdot 2=287 \text{ дана}$$

Бетон жұмысының көлемін анықтау. Жертөле қабырғаның бетон қоспасын төсеу:

$$V_{\text{қаб.}} = (h \cdot a \cdot b) - V_{\text{есік}} - V_{\text{тер.}} \quad (3.20)$$

$$V_{\text{есік}}=8,748+3,888=12,64 \text{ м}^3,$$

$V_{\text{тер}}=10 \cdot 1,152=11.52 \text{ м}^3$,
 $V_{\text{каб}}=354,8-12.64-11.52=330.64 \text{ м}^3$
 Аражабынның бетон қоспасын төсеу:

$$V = L \cdot b \cdot h, \quad (3.21)$$

$$V=55,2 \cdot 15,6 \cdot 0,2=172,2 \text{ м}^3$$

Кесте 3.1 – Құрылыс жинақтау жұмысының ведомствасы

| Құрылыс процесінің аты | Өлшем бірлік | Көлем, саны |
|--|--------------------|--|
| Өсімдік қабатын кесу | 1000м ² | $a \cdot b/1000 = 56,6 \cdot 15/1000=0,849$ |
| Топырақты экскаватормен үйіндіге аудару | 100 м ³ | $V_{\text{үйінді}}/100 = 2543,7 /100 = 25,437$ |
| Топырақты экскаватормен автосамосвалдарға аудару | 100 м ³ | $V_{\text{авт}}/100 = 4737,4 /100 = 47,374$ |
| Қазаншұңқыр табанындағы топырақты бульдозермен тегістеу | 100 м ³ | $V_{\text{к.т}}/100 = 192,44/100 = 1,92$ |
| Тегістейтін қабатты салу | м ³ | $V_{\text{тегіс}} = 27,2$ |
| Іргетас лентасының қалыбын орнату | м ² | $S = 84,96$ |
| Іргетас лентасының арматуралық торын орнату | Т | $m = 34,14$ |
| Іргетас лентасының бетон құймасын құю | 100 м ³ | $V_{\text{пл}}/100 = 5,69$ |
| Іргетас лентасының қалыбын шешу жұмысы | м ² | $S = 84,96$ |
| Жертөле қабырғасының арматурасын жеке сырықтармен орнату және тоқу | Т | $m = 30,04$ |
| Жертөле қабырғасы қалыбын орнату | м ² | $S = 649,9$ |
| Аражабынның қалыбын орнату | м ² | $S = 861,1$ |
| Жертөле қабырғасына және аражабынға бетон құймасын құю | м ³ | $V_{\text{каб.}}/100 = 5,007$ |
| Жертөле қабырғасы мен аражабынның қалыбын шешу жұмысы | м ² | $S = 1511,04$ |
| Топырақты бульдозермен қайта көму | 100м ³ | $V_{\text{к.к}}/100 = 2543,7 /100 = 25,437$ |
| Топырақты катокпен тығыздау | 1000м ² | $S_{\text{тығыздау}}/100 = 12718,5/1000=12,71$ |

3.3 Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарын таңдау.

Құрылыста тек адамның күшімен үлкен әрі күрделі конструкцияларды монтаждау не болмаса демонтаждау мүмкін емес. Сол үшін техникалық көліктер мен машиналардың қажеттілігі артады. Негізгі ең қажетті құрылыс көліктердің бірі ретінде қазаншұқырды қазу үшін бір ожаулы, кері күректі экскаваторларды қолданамыз. Оның ожауларының сыйымдылығын қазаншұқырдың көлемін ескере отырып анықтаймыз. Жер жұмыстарының калькуляциялық есептеулері Қосымша А және Қосымша Б көрсетілген.

Кесте 3.2 – Экскаватордың ожау сыйымдылығын анықтау

| Қазаншұқырдың көлемі (м ³) | Ожаудың сыйымдылығы (м ³) |
|--|---------------------------------------|
| 500 | 0,15 |
| 500÷1500 | 0,24 и 0,3 |
| 1500÷5000 | 0,5 |
| 2000÷8000 | 0,65 |
| 6000÷11000 | 0,8 |
| 11000÷15000 | 1 |
| 13000÷18000 | 1,25 |
| 15000 | 1,5 |

$$V_k = 7281,1 \text{ м}^3 \rightarrow V_{\text{ожау}} = 0,5 \text{ және } 0,8 \text{ м}^3$$

1) Механикалық жетекті ХСМГ ХЕ150, $V_{\text{ожау}} = 0,5 \text{ м}^3$

2) Гидравликалық жетекті ХСМГ ХЕ215С, $V_{\text{ожау}} = 0,8 \text{ м}^3$

БНЖБ (ЕНиР) нормасы бойынша тандап алынған экскаватор көліктерінің ожау сыйымдылығына байланысты 2 экскаваторды экономикалық түрде жақсы жақтарын салыстыра отырып тиімдісін салыстырамыз. [14]

Экскаваторлардың жұмыс атқару аусымдарының саны:

$$\sum n_{\text{машина аусыс.}} = [(V_{\text{үйн}}/100) \cdot N_1 + (V_{\text{авто}}/100) N_2] / 8,2 \quad (3.22)$$

мұндағы: N_1 – топырақты күйіндіге аударғандағы экскаватор уақыт мөлшері,

N_2 –топырақты автосамосвалдарға аударғандағы экскаватор уақыт мөлшері;

Механикалық жетекті

3,5

N_1 (3,5)

3-71

2,8

N_2 (2,8)

2-97

Гидравликалық жетекті

2,6

N_1 (2,6)

2-76

2,1

N_2 (2,1)

2-23

Механикалық жетекті:

$$\sum n_{\text{машина аус.}} = [(V_{\text{үйн}}/100) \cdot N_1 + (V_{\text{авто}}/100) N_2] / 8,2 \quad (3.23)$$

$$\sum n_{\text{машина аус.}} = [25,437 \cdot 3,5 + 2,8 \cdot 47,374] / 8,2 = 27,033$$

Гидравликалық жетекті:

$$\sum n_{\text{машина аус.}} = [(V_{\text{үйн}}/100) \cdot N_1 + (V_{\text{авто}}/100) N_2] / 8,2 \quad (3.24)$$

$$\sum n_{\text{машина аус.}} = [25,437 \cdot 2,6 + 47,374 \cdot 2,1] / 8,2 = 20,197$$

Экскаватордың бір аусымдағы жұмыс істеу өнімділігі:

$$P_{\text{ауыс.өнім}} = V_{\text{к}} / \sum n_{\text{машина аус.}} \quad (3.25)$$

Механикалық жетекті:

$$P_{\text{ауыс.өнім}} = V_{\text{к}} / \sum n_{\text{машина аус.}} = 7281,1 / 27,033 = 269,341$$

Гидравликалық жетекті:

$$P_{\text{ауыс.өнім}} = V_{\text{к}} / \sum n_{\text{машина аус.}} = 7281,1 / 20,197 = 360,504$$

1 м³ топырақты экскаватордың өңдеу көлемі:

$$C = 1,08 \cdot C_{\text{машина аус.}} / P_{\text{ауыс.өнім}} \quad (3.26)$$

Механикалық жетек:

$$C_{\text{машина аус.}} (\text{XCMG XE150}) = 25,34$$

$$C = 1,08 \cdot C_{\text{машина аус.}} / P_{\text{ауыс.өнім}} = 1,08 \cdot 25,34 / 269,341 = 0.101608$$

Гидравликалық жетек:

$$C_{\text{машина аус.}} (\text{XCMG XE215C}) = 31,08$$

$$C = 1,08 \cdot C_{\text{машина аус.}} / P_{\text{ауыс.өнім}} = 1,08 \cdot 31,08 / 360,504 = 0.09310965$$

Қорытынды: Техника экономикалық түрде салыстырылған техникалардың келесі атаудаға маркасы тиімді деген ниетпен таңдалды:

Бұл гидравликалық жетекті XCMG XE215C, $V_{\text{ожау}} = 0,8 \text{ м}^3$

Өсімдік қабаттарын кесіп тегістеу және топырақты қайта көму кезінде пайдасы зор техниканы таңдаймыз. Ол көліктің атауы – бульдозер.

XCMG TY160

Топырақты тасымалдаудың арақашықтықтығы $a = 55 \div 100$ м болғандықтан топырақты нығыздау үшін қолданылатын көліктің атауы – өздігінен жүре беретін каток.

XCMG – XS162J

Экскаватормен өңделген топырақты автосамосвалдармен шығарып тасымалдаймыз. Топырақты тасымалдау қашықтығына байланысты $L = 1$ км және экскаватордың ожау сыйымдылығына байланысты:

$$V_{\text{ожау}} = 0,65 \text{ м}^3$$

Автосамосвалдардың келесі жүк көтеру параметрін таңдаймыз:

$m_a=10$ тонна

Анықталған жүк көтергіш бойынша автосамосвалдардың келесі маркасын таңдаймыз:

Howo – A7 6x4

Есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз.

Экскаватор ожауындағы топырақ көлемі.

$$V_{\text{топ}} = V_{\text{ожау}} \cdot K_{\text{толт}} / K_{\text{қопсыту}}; \text{ (м}^3\text{)} \quad (3.27)$$

Мұндағы: $K_{\text{толт}}$ – топырақты толтыру коэффициенті, $K_{\text{толт}}=1$

$K_{\text{қопсыту}}$ – топырақты алғашқы қопсыту коэффициенті;

Саз - 30%

Саздақ - 20%

Құм - 12%

Құмдақ – 15 %

$K_{\text{қопсыту}}=0,15$

$V_{\text{топ}}= 0,65 \cdot 1 / 0,2=3,25 \text{ м}^3$

Экскаватор ожауындағы топырақ салмағы:

$$Q = V_{\text{топ}} \cdot \gamma; \text{ (тонна)} \quad (3.28)$$

γ – топырақ тығыздығы;

$\gamma(\text{саз}) – 1,8 \text{ т/ м}^3$

$\gamma(\text{саздақ}) – 1,7 \text{ т/ м}^3$

$\gamma(\text{құм}) – 1,6 \text{ т/ м}^3$

$\gamma(\text{құмдақ}) – 1,65 \text{ т/ м}^3$

$Q = 3,25 \cdot 1,7=5,525 \text{ тонна}$

Автосамосвалдарға аударылатын ожау саны:

$$n = m^a / Q \quad (3.29)$$

$n= 10 / 5,525=1,809$ дана

Автосамосвалдарға аударылған топырақ көлемі:

$$V = V_{\text{топ}} \cdot n; \text{ (м}^3\text{)} \quad (3.30)$$

$V= 3,25 \cdot 1,809=5,879 \text{ м}^3$

Экскаватормен топырақты автосамосвалға аударатын уақытын анықтаймыз:

$$t_n = V \cdot N_{вр} \cdot 60 / 100 ; \text{ (мин)} \quad (28)$$

$$t_n = 5,879 \cdot 2,6 \cdot 60 / 100 = 9,17 \text{ мин}$$

мұндағы: $N_{вр}$ – көлікке аударылатын уақыт (2,6 минут).

Автосамосвалдардың 1 циклде жұмыс істеу уақыты:

$$T_{ц} = t_n + 60L/v_{ж} + t_p + 60L/v_{б.к} + t_m \quad (3.32)$$

мұндағы: t_n – топырақты аударылатын уақыт;

L – топырақты тасымалдау арақашықтығы, $L = 1$ км;

$v_{ж}$ – автосамосвал жүктелген күйдегі жылдамдығы, $v_{ж} = 50$ км/сағ;

$v_{б.к}$ – автосамосвал бос күйіндегі жылдамдығы, $v_{б.к} = 70$ км/сағ;

t_p – жүк түсіру уақыты, $t_p = 1,1$ мин;

t_m – қосымша операцияларға арналған уақыт. $t_m = 3$ мин.

$$T_{ц} = 9,17 + 60 \cdot 1 / 50 + 1,1 + 60 \cdot 1 / 70 + 3 = 15,327 \text{ мин}$$

Көліктің қажетті саны:

$$N = T_{ц} / t_n = 15,327 / 9,17 = 2 \text{ дана (машина)}$$

Тұрғызылатын ғимараттың жер асты бөлігін қалып және арматура торларын жебелі кранмен салып орнатамыз. Оның маркасын келесі техникалық параметрлер бойынша қабылдаймыз.

Жүк көтергіш параметрі:

$$Q_{кр} = Q_{\max к.} = 0,5 \text{ Т}$$

мұндағы: $L_{кр}$ – жебенің ұзындығы;

$$L_{кр} = B/2 + L + k + 1_m + b + b/2 \quad (3.33)$$

мұндағы: B – кран базасының ені; $B=4$ м

$Q_{кр}$ – көтеру биіктігі

$l_{кр}$ – кран ілмегінің (құлашы) шығуы.

$L_{кр}$ – жебенің ұзындығы

$M_{гр}$ – жүк көтергіштігі (грузовой момент)

L – қазаншұңқыр құламасынан кранға дейінгі ара қашықтық, қазан шұңқыр тереңдігіне және топырақ түріне байланысты; $L = 1,75$ м

k – құлама проекциясы; $m=0,25$

$$k = H \cdot m = 5,3 \cdot 0,25 = 1,325$$

мұндағы: b – ғимарат ені, $b = 15$ м;

$$L_{кр} = 4/2 + 1,75 + 1,325 + 1 + 15 + 7,5 = 21 \text{ м}$$

Кран ілмегінің көтеру биіктігін ескермейміз.

Кран маркасы: XCMG QY25K

Жүк көтергіштігі: 15 тонна

Кран жебесінің ұзындығы: 10,5-28 м

Бетонсорғышты таңдау.

Бетонсорғыш құрылыс алаңында бетоныда үлкен ара қашықтықта қажетті жерге жеткізе алатын механизм. Құрылыс алаңындағы конструкцияларға атап айтқанда іргетас, ұстын, аражабындарға осы механизм арқылы бетон жеткізіледі.

HYUNDAI KCP – 28ZX120

Бетонсорғыштың нақты жұмыс ұзақтығы мынадай формула бойынша анықталады:

$$T = \frac{V}{P_T} \quad (3.34)$$

$$T = 1072/36,1 = 30 \text{ күн}$$

мұндағы, V- Ғимаратқа кететін бетонның толық көлемі;

P_T – Механизмнің тәуліктік пайдалану өнімділігі, $\frac{m^3}{\text{тәулік}}$

$$P_T = 60 \cdot T \cdot \left(\frac{P \cdot d^2}{4} \right) \cdot l \cdot \vartheta \cdot K_{\text{шығ.}} \quad (3.35)$$

мұндағы: T – Жұмыстың тәуліктік ұзақтығы;

d – Жұмыс диаметрі, м;

l – Поршеннің жүру ұзындығы;

ϑ – Поршеннің жүру уақыты;

$K_{\text{шығ.}}$ – Күшейткіштің жұмыс көлеміне 1 жүрісте берілген бетон қоспасы көлемінің қатынасын сипаттайтын коэффициент (0,8 - 0,9).

$$P_T = 60 \cdot 8 \cdot ((3,14 \cdot 0,2^2)/4) \cdot 1,5 \cdot 2 \cdot 0,8 = 36,1 \text{ м}^3/\text{тәулік}$$

Автобетон тасымалдайтын механизмді таңдау.

Құрылыс алаңына бетонды тез әрі сапалы жеткізетін механизмдердің бірі автобетон тасмалдаушы. Ол механхмді оның бетон араластырғышының көлеміне қарай таңдаймыз. [13]

ISUZU V-275

Құрылыс алаңына үзіліссіз бетон жеткізуіне қажетті автобетон тасымалдаушы механизмнің саны:

$$N = \frac{K_r \cdot P_3}{P_a} \quad (3.36)$$

мұндағы: K_r – жетекші машиналарға тетіктердің өнімділік резервін ескеретін коэффициент (0,85-0,9);

$P_{\text{вых}}$ – автобетон тасымалдағыштың пайдалану өнімділігі.

$$P_a = \frac{60 \cdot V \cdot T \cdot K}{t_{\text{ц}}} \quad (3.37)$$

$$P_a = \frac{k \cdot L \cdot n}{100} = \frac{0,72 \cdot 800 \cdot 18}{100} = 103,7$$

мұндағы, L – Бетон араластырғыштың көлемі;

n – Сағат ішіндегі иіндер саны;

k – Бетонның шығу коэффициенті 0,65 тен 0,72 дейін;

$t_{\text{ц}}$ – Циклдың жалғасуы.

$$t_{\text{ц}} = 5 + (2 \cdot 21 \cdot 60) / 38 = 75$$

$$P_a = (60 \cdot 12 \cdot 8 \cdot 0,92) / 75 = 69$$

Автобетон тасымалдағыш механизмінің саны:

$$N = (0,9 \cdot 103,7) / 69 = 1,45 \approx 2 \text{ дана.}$$

Топырақты өңдеу барысында экскаватор өтісінің технологиялық схемасын құру.

Қазаншұңқырдың еніне байланысты $C = 25,37$ м

Экскаватор қазу радиусына байланысты - $R_{\text{max}} = 5,8$ м .Қазаншұңқыр қазылу бойынша экскаватордың өтіс схемасын анықтаймыз.

$$C / R_{\text{max}} = 25,37 / 5,8 = 4,37 \geq 3 \text{ м көлденең өтіс.}$$

3.4 Ғимараттың жер үсті бөлігін монтаждау және бетон жұмыстарының көлемін анықтау.

Жоспардағы ғимарат конструкциялық шешімдері бойынша 400x400 мм қалыңдықты ұстындардан және де сыртқы қабырғалары газоблокты кірпішпен қаланған.

Қалып ол көмекші уақытша конструкция. Оның арқасында күрделі формадағы нысандарды құюға мүмкіншілік береді. Қалыптар тұтас құймалы конструкцияларды бетондау кезінде кеңінен қолданылады. Қалыптар материалдарына байланысты әр түрге бөлінеді. Есептік жоба бойынша үлкен қалқанды және ұсақ қалқанды деп қарастырылған.

Үлкен қалқанды қалыптардың ауданын анықтау:

$$S = L \cdot h - S_{\text{тер.}} - S_{\text{қа.}} \quad (3.38)$$

Бірінші қабаттың қабырғасы:

$$S_{\text{есік}} = 1 \cdot 2,4 \cdot 2,7 = 6,48 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{тер.}} = 1 \cdot 1,2 \cdot 1,6 = 1,92 \text{ м}^2$$

$$S_1=304,77-1,92-6,48=296,37 \text{ м}^2$$

Екінші қабаттың қабырғасы:

$$S_{\text{тер}}=1 \cdot 1,2 \cdot 1,6=1,92 \text{ м}^2$$

$$S_2=183,6-1,92=181,68 \text{ м}^2$$

Аражабынның ауданы:

$$S = L \cdot B \quad (3.39)$$

$$S_{\text{араж}}=(15,6 \cdot 55,2) - 283,9=577,22 \text{ м}^2$$

Жабынның ауданы:

$$S_{\text{жаб}}=15,6 \cdot 55,2=861,12 \text{ м}^2$$

Ұсақ қалқанды қалыптың ауданын анықтаудың формуласы:

$$S = L \cdot h - S_{\text{тер.}} - S_{\text{қа.}} \quad (3.40)$$

Бірінші қабаттың ұстындары үшін:

$$S_{\text{ұст.1}}=21 \cdot (2 \cdot (5,5 \cdot 0,4 + 5,5 \cdot 0,4))=184,8 \text{ м}^2$$

Екінші қабаттың ұстындары үшін:

$$S_{\text{ұст.2}}=21 \cdot (2 \cdot (3,4 \cdot 0,4 + 3,4 \cdot 0,4))=114,24 \text{ м}^2$$

Бірінші қабаттың арқалықтары үшін:

$$S_{\text{арқ.1}}=194,4+38,07+52,92=285,4 \text{ м}^2$$

Екінші қабаттың арқалықтары үшін:

$$S_{\text{арқ.2}}=194,4+81,27+52,92=328,6 \text{ м}^2$$

Тіреуіштердің санын анықтау:

Құрылыс нормалар мен ережелерге сәйкес әрбір 4 м² сайын 1 тіреуіш орнатылуы қажет. Тіреулердің санын анықтап білу үшін ғимараттың ұзындығы мен енін көбейтіп ауданын анықтау керек. Шыққан мәнді 4-ке бөліп тіреулердің саны анықталады. Бірақ ЕНиР-ге сәйкес тіреулер 100 м арақашықтығында есептеледі. Ол үшін ұстынның санын қабаттың биіктігіне көбейтіп, 100-ге бөлеміз. [16]

$$S = L \cdot B \quad (3.41)$$

$$S=(55,2 \cdot 15,6) - 283,9=577,22 \text{ м}^2$$

$$n=S/4=577,22/4=144 \text{ дана}$$

Қалып арқалығының құрылғысы:

Қалып арқалық құрылғысы бойлық бағытта әрбір 3 метр сайын, ал көлденең бағытта әрбір 1 метр сайын орнатылады. Қалып арқалығының ұзындығы 3 м.

Бойлық бағытта:

$$n=55,2/3=18 \text{ дана}$$

$$n_{\text{гол}}=18 \cdot 11=198 \text{ дана}$$

$$L=198 \cdot 3=594 \text{ м}$$

Көлденең бағытта:

$$n=15,6/1=15,6 \text{ дана}$$

$$n_{\text{тол}}=16 \cdot 10=160 \text{ дана}$$

